

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>	8 беттің 1беті

**БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ**  
**Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары**

**БББ: 6B10111-«Қоғамдық деңсаулық»**

**Пәні:** «Химия»

**Пәннің коды:** Him 1202

**Оқу сағаттарының саны /кредиттер:** 90 с/3к

**Курс:** 1

**Семестр:** I

**Құрастырған:** проф.м.а. Дәуренбеков Қ.Н.,  
 доц. м.а. Дильдабекова Л.А.

Кафедра менгерушісі, х.ғ.к., проф.м.а



Дәуренбеков Қ.Н.

Хаттама №12 «03» 06 2024ж.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <i>—1979—</i> <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>	8 беттің 2беті

## **2 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары**

1. Органикалық қосылыстардың жіктелуі және атауы.
2. Функционалдық топ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
3. Құрылымдық изомерия және құрылымдық изомерлер дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
4. Гомологтық қатар және гомологтық айырма дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
5. Молекуладағы атомдардың өзара әсері дегеніміз не? Байланыстың полюстенуі, индуктивті және мезомерлі эффектілерге анықтама беріңіз. Жауабыңыға дәлел келтіріңіз.
6. Ароматтылық дегеніміз не? Хюккелдің ережесі. p,p- и p,p-қабысуға түсінік беріңіз.
7. Органикалық қосылыстардағы химиялық байланыс түрлері. Ковалентті байланыстың негізгі сипаттамалары.
8. Электрондонорлы және электронакцепторлы орынбасарлар және қос байланыстың және ароматты сақинаның реакциялық қабілетіне әсері. 1- және 2-текті орынбасарлар және ароматты сақинада олардың бағыттау әсері.
9. Органикалық қосылыстардың қышқылдық және негіздік қасиеттері. Бренстед-Лоури теориясы.
10. Спирттердің, фенолдардың, тиолдардың, карбон қышқылдарының, аминдердің қышқылдық қасиеттеріне салыстырмалы сипаттама. Орынбасарлардың қышқылдыққа электрондық әсері.
11. Алифатты және ароматты аминдердің қышқылдық қасиеттеріне салыстырмалы сипаттама. Бензол сақинасында орынбасарлардың электрондық эффектілерінің ароматты аминдердің негізділігіне электрондық әсері.
12. Органикалық молекулалардың құрылымы (құрылсы, конфигурациясы, конформациясы).  $sp^3$ ,  $sp^2$ , sp-Гибридтеген көміртек атомының конфигурациясы.
13. Конформация открытых цепей. Энергетическая характеристика конформационных состояний. Проекционные формулы Ньюмена.
14. Бір хирады орталығы бар молекулалардың стереоизомериясы (энантиомерия). Оксигенде аминқышқылдардың L және D-стереохимиялық қатары. Фишер формуласы. Рацематтар дегеніміз не?
15. Қос байланысы бар қосылыстардың стереоизомериясы (пи-диастереоизомерия). Алкендердің, қанықпаған май қышқылдарының және екі негізді карбон қышқылдарының (бутенди қышқылының) цис- және транс-изомериясы.
16. Органикалық реагенттердің қандай түрлерін білесіз?
17. Көміртек оттек байланысының поляризациялану нәтижесі ретінде спирт қатарындағы тэтрагональды көміртек атомындағы нуклеофилді орынбасу реакциясы (спирттерден галогеналкандарды алу мысалында көрсетіңіз). Қышқылдық катализдің рөлі.
18. Карбон қышқылының реакциялық орталығы. α көміртек атомындағы CH қышқылдық орталығы бойынша жүретін реакция.
19. Карбон қышқылындағы тригональды көміртек атомының нуклеофильді орынбасу реакциясы (этерификация реакция мысалында көрсетіңіз). Алицилерленуші реакциясы ангидридтің амидтің түзілуі және оларға кері гидролиз реакциясы.
20. Жартылай ацеталь және ацетальды алу мысалында тригональды көміртек атомына (альдегидтер мен кетондар) нуклеофильді қосып алу реакциясын жазыңыз. Альдегидтер мен кетондардың реакцияға қабілеттілігін салыстыру.
21. Алифатты альдегидтердегі CH қышқылдық орталықтың түзілу себебі. Альдольды конденсация реакциясына мысал келтіріңіз.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <i>—1979—</i>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>		8 беттің 3беті

22. Органикалық қосылыстардың тотығу тотықсыздану реакциялары. Алкендердің, спирттердің, тиолдардың, альдегидтердің тотығуы. Альдегидтер мен кетондардың тотықсыздануы. НАД = НАДН жүйесінің әрекетін тусіндіріңіз.
23. Аминоспирттер: аминоэтанол (коламин). Айналым схемасын жазыңыз: серин – коламин – холин – ацетилхолин.
24. Аминофенолдар: дофамин, норадреналин, адреналин және олардың биологиялық рөлі.
25. Гидроксиқышқылдар. α, β, γ-оксиқышқылдарын қыздыру кезінде жүретін спецификалық реакциялар.
26. Аминқышқылдары. α, β, γ-қышқылдарды қыздырғанда өтетін спецификалық реакциялар.
27. Альдегид және кетонды қышқылдар: пирожұзім, ацетосірке, қымыздықсірке, α-кетоглутарлы қышқылдар. Кето-енольды таутомерия.
28. Салицил қышқылы және оның туындылары (ацетилсалицил, метилсалицилат). Медицинада қолданылуы.
29. Сульфанил қышқылы және оның амиды (стрептоцид). Анилиннен синтездеу. Медицинада қолданылуы.
30. π-Аминобензой қышқылы және оның туындылары (анестезин, новокаин), олардың медициналық практикада қолданылуы.
31. Пиридин және оның туындылары: никотин қышқылы, оның амиді.
32. Индол. Триптофан, триптамин мен серотониннің түзілуіне алып келетін реакциялар.. Серотониннің биологиялық ролі.
33. Пурин. Несеп қышқылы (2,6,8-гидроксипурин). Несеп қышқылының лактам-лактимді таутомериясы. Подагра.
34. Барбитур қышқылы. Кето-енольды және лактам-лактимды таутомерия. Барбитур қышқылы туындыларынан дәрілік препараттары.
35. Моносахаридтердің жіктелуі. Альдоздар, кетоздар, өкілдері.
36. Моносахаридтердің стереоизомериясы және цикло-оксо-таутомериясы.
37. Моносахаридтерді өрнектеу. Фишер және Хеуорс формуласы.
38. Моносахаридтердің химиялық қасиеті. Карбонилды және гидроксилді топтардың реакциясы.
39. Дисахаридтер. Жіктелуі. Өкілдері: мальтоза, лактоза, сахароза, целлобиоза. Құрылышы және қасиеті.
40. Полисахаридтер: крахмал, гликоген, целлюлоза, декстран, гиалурон қышқылы, хондроитинсульфат. Құрылышы, биологиялық рөлі.
41. Ақуыздың құрамына кіретін аминқышқылдары. Жіктелуі. Биологиялық рөлі.
42. Аминқышқылдардың құрылышы. Стереоизомериясы. Қышқылдық – негіздік қасиеті.
43. Аминқышқылдарының гетерофункциялы қосылыстар ретінде химиялық қасиеті.
44. Аминқышқылдарының азот қышқылымен және формальдегидпен әрекеттесу реакциялары және олардың амин қышқылдарын талдауда маңызы.
45. Пептидтердің түзілуі. Номенклатурасы. Пептидтік байланыстың құрылышы.
46. Пептидтердің гидролизі және аминқышқылдардың құрамын анықтау.
47. Нуклеин қышқылдары, өкілдері, биологиялық рөлі.
48. Нуклеин қышқылының құрамына енетін пиридинин қатарындағы азотты негіздер. Лактам-лактимді таутомерия.
49. Пурин қатарындағы азотты негіздер. Ароматты қасиеттері, лактам-лактимді таутомерия.
50. Азотты негіздердің комплементарлығы. Нуклеин қышқылдарының комплементарлық жұбы арасындағы сутектік байланыстар.
51. Нуклеозидтер. Пуринді және пиридиниді мононуклеозидтердің құрылышы.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <i>-1979-</i>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>		8 беттің 4беті

52. Нуклеотидтер. Мононуклеотидтердің құрылышы. Номенклатурасы. Нуклеотидтердің гидролизі.
53. Нуклеин қышқылдарының біріншілік құрылымы. Фосфодиэфирлік байланыс.
54. ДНҚ және РНҚ арасындағы айырмашылығы (құрылышы және функциясы бойынша).
55. АТФ құрылышы. Макроэргиялық байланыс. АТФ гидролизі. Биологиялық рөлі.
56. Бейтарап липидтер (триглицеридтер). Құрылышы. Биологиялық рөлі.
57. Липидтердің құрамына кіретін табиги жоғары май қышқылдары: пальмитин, стеарин, олеин, линол, арахидон, линолен қышқылдары.
58. Өсімдік және жануар майлары. Құрылышы, қасиеттері. Майлардың аналитикалық сипаттамалары.
59. Майлардың гидрленуі және гидролизі.
60. Фосфолипидтер. Биологиялық рөлі.
61. Жасуша мембрасындағы қанықпаған май қышқылдарының асқын тотықтардағы тотығуы және оның механизмі. Антиоксиданттар.
62. Төмендегі қосылыстар қандай органикалық қосылыстардың класына жататынын анықтаңыз және функционалдық тобын көрсетіңіз:
63.  $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{OH}$ ,  $\text{CH}_3\text{-CHO}$ ,  $\text{C}_6\text{H}_5\text{-NH}_2$ ,  $\text{CH}_2\text{OH-CH}_2\text{NH}_2$ ,  $\text{C}_6\text{H}_5\text{-NO}_2$
64. Келесі қосылыстарды халықаралық және рационалдық номенклатура бойынша атаңыз:
65.  $\text{CH}_3\text{-CO-CH}_3$ ;  $\text{C}_2\text{H}_5\text{-O-C}_2\text{H}_5$ ;  $\text{CH}_3\text{-CH}_2\text{-COOH}$ .
66.  $\text{CH}_3\text{-CH(CH}_3\text{)-CH}_2\text{-CH}_3$  қосылысын атаңыз және біріншілік, екіншілік үшіншілік көміртек атомын анықтаңыз.
67. Келесі органикалық молекулалардың: фенол мен нитробензолдың электрондық эффектісінің түрі мен таңбасын анықтаңыз.
68. Келесі органикалық молекулалардың: анилин мен бензойн қышқылының электрондық эффектісінің түрі мен таңбасын анықтаңыз.
69. Келесі органикалық молекулалардың: этанол мен бензальдегидтің электрондық эффектісінің түрі мен таңбасын анықтаңыз.
70. Этанолдың, этантиолдың, этиламииннің қышқылдық қасиетін салыстыра отырып сипаттаңыз. Жауабыңызды дәлелденіз.
71. Этанол мен фенолдың қышқылдық қасиетін салыстыра отырып сипаттаңыз. Жауабыңызды дәлелденіз.
72. Сірке қышқылының, хлорсірке қышқылының, трихлорсірке қышқылының қышқылдық қасиетін салыстыра отырып сипаттаңыз. Жауабыңызды дәлелденіз.
73. Этиламиин мен анилиннің негіздік қасиетін салыстыра отырып сипаттаңыз. Жауабыңызды дәлелденіз.
74. Анилиннің, п-метиланилииннің және нитроанилиннің негіздік қасиетін салыстыра отырып сипаттаңыз. Жауабыңызды дәлелденіз.
75. Бір молекулалы этанолмен сірке альдегидінің реакцияласу схемасын жазыңыз. Соңғы өнімді атаңыз.
76. Екі молекулалы этанолмен сірке альдегидінің реакцияласу схемасын жазыңыз. Соңғы өнімді атаңыз.
77. Вюрц реакциясы бойынша бромэтаннан алынған өнімді атаңыз.
78. Вюрц реакциясы бойынша 2-бромпропаннан алынған өнімді атаңыз.
79. Анилиннің алыну схемасын көрсетіңіз (Зинин реакциясы).
80. Сәйкес реагенттердің көмегімен диэтиламинді алу реакциясын жазыңыз (Гофман реакциясы).

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>	8 беттің 5беті

81. Сірке қышқылының этил спиртімен реакциясын жазыңыз. Қышқылдық катализдің рөлін түсіндіріп, түзілген өнімді атаңыз.
82. Бензой қышқылының метанолмен реакциясын жазыңыз. Қышқылдық катализдің рөлін түсіндіріп, түзілген өнімді атаңыз.
83. Сілтілік ортада сірке альдегидінің альдольді конденсация реакциясын
84. көрсетіңз. Ацетальдегид молекуласында альфа-көміртек атомындағы сутегі атомының қозғалғыштығы неге байланысты
85. Ацетосіркеэфири мысалында кето-енольді таутомерияны түсіндіріңіз.
86. HOOC-CHON-COOH қосылысты халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атаңыз.
87. HOOC-CHON-CH<sub>2</sub>-COOH қосылысты халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атаңыз.
88. HOOC-CHON-CHON-COOH қосылысты халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атаңыз.
89. HOOC-CHNH<sub>2</sub>-COOH қосылысты халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атаңыз.
90. H<sub>3</sub>C-CHON-CHNH<sub>2</sub>-COOH қосылысты халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атаңыз.
91. Лимон қышқылының формуласын жазыңыз. Лимон қышқылы қандай функционалды топтардан құралған.
92. Қымыздық қышқылын қыздырғанда қандай өнім алынады.
93. Аланиннің азотты қышқылмен әрекеттесу реакциясында түзілетін өнім.
94. Аспирин (ацетилсалицил қышқылы) препаратының алыну схемасын жазыңыз және оның медицинада қолданылуын айтып өтіңіз.
95. Стрептоцидтің (сульфанил қышқылының амиді) құрылымдық формуласын көрсетіңіз және оның медицинада қолданылуын айтып өтіңіз.
96. Анестезин мен новакайннің (п-аминбензой қышқылының туындылары) құрылымдық формуласын көрсетіңіз және медицинада қолданылуын айтып өтіңіз.
97. Кордиамин (диэтиламид никотин қышқылы) препаратының алыну схемасын жазыңыз 34. РР (никотин қышқылының амиді) дәруменінің алыну схемасын жазыңыз.
98. Тубазид (изоникотин қышқылының гидразиді) пен фтивазидтің құрылымдық формуласын көрсетіңіз. Медицинада оларды қандай мақсатта қолданады?
99. Келесі пиридиннді негіздердің құрылымдық формуласын жазыңыз: уракил, тимин және цитозин. Осы қосылыстарды мысалға ала отырып лактим-лактамды таутомерияны түсіндіріңіз.
100. Келесі пуринді негіздердің құрылымдық формуласын жазыңыз: аденин және гуанин. Осы қосылыстарды мысалға ала отырып лактим-лактамды таутомерияны түсіндіріңіз.
101. Ала-Вал-Тре трипептидтің құрылышын жазыңыз. С- және N соңын, пептидті байланысты көрсетіңіз
102. Сер-Гли-Лей трипептидтің құрылышын жазыңыз. С- және N соңын, пептидті байланысты көрсетіңіз
103. Аденозин -5 -фосфат нуклеотидінің құрылымдық формуласын жазып, олардың ішінен гликозидті және күрделі эфир байланысын көрсетіңіз.
104. Цитидин 5 -фосфат нуклеотидінің құрылымдық формуласын жазып, олардың ішінен гликозидті және күрделі эфир байланысын көрсетіңіз.
105. Уридин 5 -фосфат нуклеотидінің құрылымдық формуласын жазып, олардың ішінен гликозидті және күрделі эфир байланысын көрсетіңіз.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
<b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> <b>БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>	8 беттің ббеті

106. Тимидин 5 –фосфат нуклеотидінің құрылымдық формуласын жазып, олардың ішінен гликозидті және күрделі эфир байланысын көрсетіңіз.
107. Дезоксицитидин 5 –фосфат нуклеотидінің құрылымдық формуласын жазып, олардың ішінен гликозидті және күрделі эфир байланысын көрсетіңіз.
108. ДНҚ УА біріншілік құрылымын жазып оның биологиялық функциясын түсіндіріңіз.
109. РНҚ Г-Т біріншілік құрылымын жазып оның биологиялық функциясын түсіндіріңіз.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ Химиялық пәндер кафедрасы БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ		8 беттің 7беті

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p><b>Химиялық пәндер кафедрасы</b> БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ</p>		8 беттің 8беті